

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен экономикалық факультеттің 20-жылдығына орай ұйымдастырылған  
**«Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер»**  
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**  
7 сәуір 2016ж.

**СБОРНИК ТРУДОВ**  
международной научно-практической конференции  
**«Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма»**,  
посвященной 20-летию Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева и экономического факультета  
7 апреля 2016г.

**PROCEEDINGS**  
of the international scientific-practical conference  
**“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”**  
dedicated to the 20-th anniversary of the L.N. Gumilyov Eurasian National University and the Economic Faculty  
7 April, 2016

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

УДК 336: 338.48 (063)

ББК 65.261

Қ 41

**Редакционная коллегия:**

Декан экономического факультета, д.э.н., профессор Макыш С.Б.,

Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.

Профессор кафедры «Туризм», д.э.н. Сыздыкбаева Б.У.

Заведующий кафедрой «Туризм», к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.

Заведующий кафедрой «Менеджмент», д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.

Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ», к.э.н., доцент Алибекова Б.А.

Заведующий кафедрой «Финансы», д.э.н., профессор Садвокасова К.Ж.

Заведующий кафедрой «Экономика», к.э.н., асс. профессор Рахметулина Ж.Б.

Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование», к.э.н., доцент Бабланов Т.К.

**Қ41 Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер:** Халық. ғыл.-тәжіриб. конф. еңбектер жинағы \_ **Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма:** Сб. материалов межд. науч.-практ. конф. \_ Proceedings of the international scientific-practical conference **“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”**. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016 \_ Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016 \_ Astana, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016.

**ISBN 978 – 601 -301 – 677 - 1**

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбек жинағында қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма.

Economic issues in the fields of finance, accounting, management and tourism are covered in the international scientific-practical conference collection of materials.

**УДК 336: 338.48 (063)**

**ББК 65.261**

**ISBN 978 – 601 -301 – 677 – 1**

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016

© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016

және жүйелі болып табылмайды, елдің және экономиканың мүдделерін халықаралық капитал нарығында білдіру жөніндегі мамандандырылған орган құру арқылы мемлекеттің инвестицияларды тарту бойынша әрекеттерін ұйымдастыруды жақсартуды және мемлекеттің күшін шоғырландыруды талап етеді.

### Әдебиеттер

- 1 Арыстанбеков К. Экономическая политика Казахстана в условиях высокого уровня иностранных инвестиций // Вопросы экономики.- 2004.- № 8.- с. 110-119
- 2 Донских А. Русла для иностранных инвестиций // Казахстанская правда .- 2004.- 10 марта.- с. 2
- 3 Джумахметова А. Правовое понятие инвестиций, его виды и состав // Экономика и право Казахстана .- 2005.- № 14.- с. 52-54
- 4 Арыстанбеков К. Экономическая политика Казахстана в условиях высокого уровня иностранных инвестиций // Аль-Пари.- 2004.- № 4.- с. 17-28
- 5 <http://1referat.kz/ekonomika>
- 6 <http://www.kazinvest.kz/web/invest-klimat-kazahstana>
- 7 [invest.mid.gov.kz/](http://invest.mid.gov.kz/)

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТҮРЛЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

*Нурбаева А.Т., Тағатова Ж.С.*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,  
Астана қ, Қазақстан Республикасы  
E-mail: aizhan.nurbaeva87@mail.ru

XXI ғасыр жүзжылдық ғаламдық инновацияның өркендеу ғасырына айналатынын қазіргі әлем елдерінің тәжірибесі көрсетіп отыр. Қазіргі кезеңде кәсіпкерлікті дамытудың әлсіз жақтары оны жетілдірудің нарықтық механизмдерінің инновациялық түрлерін одан ары жақсартуды қажет етіп отыр. Кәсіпкерлікті шығармашылық күш-жігерді жүзеге асыруға, экономикалық және ұйымдастыру ісінде тапқырлыққа, жаңашылдыққа байланысты. Кәсіпкерлікті жаңа тұрғыдан түсіндіргенде мынадай екі жағдайға: біріншіден, коммерциялық бағыт-бағдарға, тәуекелге бел буушылық пен дербестікке, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, кездескен кедергілерді жеңе білуге; екіншіден, экономикада, ұйымдастыру ісінде тапқырлық пен жаңашылдық танытуға, ғылыми-техникалық прогреске жетуге тікелей қатысты [1].

Теориялық талдау негізінде инновацияны түсіндіруде екі көзқарас қалыптасқан:

- біріншісі, инновацияны жаңа идеялар мен үрдістер ретінде қарап, оны қолдану арқылы ең сапалы өнімдер мен технологияны жасауға әкелетін қоғамдық-техникалық-экономикалық үрдіс ретінде қарастыру;

-екіншісі, инновацияны тұтыну тауарларының жаңа түрлерін, жаңа өндірістік және тасымал құралдарын, нарықтар мен өнеркәсіптегі ұйымдастыру нысандарын енгізу және қолдану мақсатындағы өзгерістер ретінде қарастыру.

1-кесте. Инновациялық компанияның даму деңгейлері

Деңгейлер	Мазмұны
Бизнес идеясы (seed stage)	Идеяны жобалау және оны саудалау. Сонымен қатар болашақ өнімнің үздік үлгілерін дайындау;
Бизнесті ашу (start-up stage)	Жобаны жүзеге асыру мақсатында жүйелі іс-әрекеттерді жүзеге асыруды бастау;
Өсу деңгейі (expansion stage)	жаңа өндірістік қуаттылықты іске қосу және персоналдар санының өсуі;
Кеңею деңгейі (mezzanine stage)	нарықтың бір бөлігін жаулап алу және пайданың тұрақты болуы;
Өтімділік деңгейі (liquidity stage)	бизнестің нақты (реалды) нарықтық құнының қалыптасуы.

Әлемдік экономикада концессияның рөлі ұлғаю үрдісінде. Егер де ХХ ғасырда концессияны тек жер қойнауын пайдалануда қолданса, 1990 жылдан бастап концессияға мемлекеттік меншіктің көптеген басқа да объектілері беріле бастады.

Кәсіпкерлікті дамытудың негізгі жолдарының бірі - концессиялық келісім.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, концессия мемлекеттің жекеменшік инвестицияға қызығушылығынан қолданылады. Қазақстанда концессияға қызығушылық артуда. Әсіресе ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруда: көлік және телекоммуникация салаларында, жол салуда, т.б. Қазіргі таңда 212 млрд. теңге көлемінде 7 концессиялық жоба іске асуда.

Алайда, концессиялық жобаларды іске асырудың негізгі проблемалары бұл жобалардың капитал сыйымдылығының өте жоғары болуы «ұзын» ақшаларды қажет етеді. Біздің ойымызша, зейнетақы мен сақтандыру қорларының қаражаттарын пайдалану қажет. Келесі проблема концессиялық жобаларды өтеу мерзімінің ұзақтығында. Өйткені бюджет 3 жылға жоспарланады, сондықтан бюджеттік жүйе 3 жыл өткен соң қаржыландыруға кепілдік бере алмайды және салық кодексіне енгізілетін өзгерістерде кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан заң потенциалды концессионерлердің құқықтарын толық қолдай алмай отыр.[2]

Кәсіпкерліктің инновациялық түрлерін дамытуда лизингтің маңызы зор. Өйткені кез келген инновациялық кәсіпорын ашу үшін алдымен кәсіпорынға толық технологиялық циклді қамтамасыз ететін құрал-жабдықтар

қажет. Ал жаңа технологиялар қымбат тұрады және оны кез келген кәсіпкер сатып ала алмайды. Бұл мәселені шешудің бірден-бір жолы қажетті құрал-жабдықтарды лизингке алу болып табылады.

Лизинг қазіргі кезде Қазақстанда да қалыптасу және даму кезеңін өткеруде. Лизингті дамыту үшін заңдық-құқықтық актілердің қабылдануы банкілер мен саудалық құрылымдар құрған, мемлекет немесе ҚР заңдары бойынша заңды тұлға болып есептелетін және шетел компаниялары тарапынан қаржыландырылатын түрлі лизингтік компаниялардың пайда болуына септігін тигізді. Лизингтік компаниялардың басым көпшілігі лизингті қолданудың тиімділігін арттыру үшін банкілердің көмегімен дербес қаржы көздерін тарту және өзара бірлестіктер мен одақтарға бірлесу арқылы ірілену саясатын жүргізуде. Лизингтік қызметтерді көрсететін компаниялар мен банкілердің көбеюі бір жыл ішінде жасалатын лизингтік операциялар көлемінің артуына себепші болып, соңғы жылдары лизингтік мәмілелер мен операциялар саны қарқынды түрде арта түсті.

Франчайзинг кәсіпорынның өз өнімін сату нарығын шұғыл кеңейтуге кәсіпорында жоқ елеулі қаржылық салымдарсыз мүмкіндік береді. Франчайзинг франчайзердің саудалық белгісімен жұмыс істей отырып, пайда өсімін, оның өзін (франчайзер компания) және өнімін жарнамалануын қамтамасыз етеді.

Қазақстанда 2007 жылы франчайзинг айналымы 500 млн. АҚШ долларын құрады. ҚР «Франчайзинг туралы заң» (2002ж.) қабылданды, 150 франчайзинг жүйесі және 1000-нан аса франчайзинг пункттері жұмыс істейді. Қазақстан ұлттық франчайзинг ассоциациясы құрылды. Франчайзинг мемлекеттік деңгейде қолдау тауып отыр. Соның арқасында 2013-2015 ж.ж. франчайзинг жүйесі елімізде 3 есеге өсіп отыр. Франчайзинг жүйесінде жұмыс істейтіндер саны 30000 адамды құрайды. Бірақ франчайзингтің одан ары дамуына келесі факторлар кері әсер етуде: франчайзинг секторына мемлекеттік жеңілдіктердің қарастырылмағандығы, интеллектуалды меншіктің нашар қорғалуы, кәсіпкерлердің «ұзын» ақшаны алуға шектеулігі, франчайзинг туралы ақпараттың жетіспеушілігі.

Индустриялық өндірістің тұрақты өсу тенденцияларын нығайту және оның құрылымдық өзгерістерін жақсарту үшін отандық индустрияны дамыту мәселелерін кешенді түрде шешу бағдарын қарастыратын, жаңа мемлекеттік индустриялық-инновациялық саясатты ұстанып, жүзеге асыру қажет. Өйткені, мұндай әрекет индустрия саясатына кешендік сипатты бере отырып, осы саланың даму деңгейі мен қазіргі жағдайын қалыптастыру мақсатын көздеген саясаттарды орындау барысында қателіктер мен кемшіліктердің пайда болуын тежеуге мүмкіндік береді. Халықтың әл-ауқатының көтерілуі мен ұлттық экономиканың тиімділігі көп жағдайда инновациялық үрдістердің даму сатысымен айқындалады. Осы мақсатта қабылданған Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриалдық-инновациялық даму стратегиясының жүзеге асырылуы – тәуелсіз Қазақстанның кемел келешекке ұмтылғандығының айғағы.

Кесте 2. 2013-2015 жылдары арасында Қазақстан Республикасында көрсетілген лизингтік қызметтер көлемі мен құрылымы (млн. теңге)

Лизингтік қызметтер	2013 ж.	2012 ж.	2014 ж.	2013 ж.	2015ж. %	2013-2015 ж.ж. салыстыру (қанша есе)
Жеңіл автокөлік лизингі	49,7	54,1	81,4	188,3	4	3,8
Басқа да құрлықта жүретін көлік құралдарының лизингі	15,5	45,8	83,9	97,0	2	6,3
Кемелер лизингі	-	-	39,5	36,4	0,7	-
Ұшақтар лизингі	10,6	24,9	46,9	78,2	1,5	7,4
Ауылшаруашылығы машиналарының лизингі	4,0	40,0	27,1	217,6	4,3	54,4
Құрылыс жабдықтарының лизингі	48,8	1585,6	1804,6	3112,3	63	63,8
Компьютерлер лизингі	7,2	5,5	27,9	285,5	6	39,6
Басқа да құрылғылар мен жабдықтар лизингі	20,5	86,2	52,5	298,1	6,4	14,5
Басқа негізгі құралдар лизингі	5,4	3,1	1,9	1,9	0,03	2,7
Барлығы	161,7	1855,2	2165,8	5015,2	100	31,0
Ескерту- автормен статистикалық мәліметтер негізінде құрастырылған.						

Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық стратегиясының негізгі бағыты, біздің ойымызша, жоғары технологиялық, ғылыми сыйымды және экспортқа бағытталған өнім мен өндірістердің дамуы болып табылады.

Стратегияны іске асыру ЖІӨ құрылымында кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі үлесін 2019 жылы Қазақстандағы белсенді

кәсіпорындардың жалпы санынан 2012 жылғы деңгеймен салыстырғанда 20%-ға дейін арттыру көзделіп отыр (кесте-2).

Кесте 2 - Кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі үлесі

КС	1. Кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі үлесін 2019 жылы Қазақстандағы белсенді кәсіпорындардың жалпы санынан 2012 жылғы деңгеймен салыстырғанда 20%-ға дейін арттыру							
	Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар санынан инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесі <sup>1)</sup> , %	7,6	8,0	8,1			106,6	20
КС	2. Жалпы ішкі өнімдегі инновациялық өнімнің көлемін 2019 жылы 2012 деңгейге қарағанда 2,5%-ға дейін арттыру							
	Жалпы ішкі өнімге шаққандағы инновациялық өнімнің үлесі <sup>1)</sup> , %	1,25	1,64	1,42 <sup>3)</sup>			113,6	2,5
КС	3. Жалпы ішкі өнімнен зерттеулер мен әзірлемелерге арналған ішкі шығындардың үлесін 2019 жылға қарай 2012 жылғы деңгейге қарағанда 2%-ға арттыру							
	Жалпы ішкі өнімнен зерттеулер мен әзірлемелерге арналған ішкі шығындардың үлесі <sup>1)</sup> , %	0,17	0,17	0,16 <sup>3)</sup>			94,1	2
Ескерту - ҚР статистика агентігі негізінде								

Инновациялық кәсіпкерлікті жандандыруда венчурлік, концессиялық, лизингтік және франчайзингілік бизнестерді қалыптастыру және дамыту бойынша механизмдерді жетілдірудің негізгі бағыттары болып табылады.

Қазіргі күні Қазақстандағы инновациялық кіші кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін қалыптастыру мен дамытуда кедергі болатын факторлары келесідей:

- өз қаржыларының жетіспеушілігі негізінде инвестициялық қорлар арқылы несиелерге қол жеткізудің қиындығы;

- инновациялық кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті сәйкес инженерлік-транспорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген өндірістік қойма орындарының жеткіліксіздігі;

- инновациялық кіші кәсіпкерлік субъектілерінің қолданыстағы заңдардағы өзгертулер туралы хабарсыздығы, әкімшілік кедергілер және кәсіпкерлік қызметпен айналысу кезінде билік органдарының нақты тәртіптерінің жоқтығы;

– инновациялық кіші кәсіпорындардағы жұмыскер мамандықтарының білікті мамандарының жеткіліксіздігі. Кіші кәсіпкерлік субъектілерінің өңдеуші өндірістерінің ірі және орта ұйымдарымен өзара әрекеттесу және кооперациялануын дамыту туралы мәселе ерекше зер салуды талап ету қажеттілігі.

Сондықтан инновациялық кәсіпкерлік субъектілерінің дамуына қол жеткізу үшін мына мәселені шешу қажет:

-инновациялық кәсіпкерлік субъектілерін ақпараттық қолдау;

-инновациялық кәсіпкерлік субъектілерін заңнамалық қолдау;

-инновациялық кәсіпкерлік субъектілері алдында тұрған әкімшілік кедергілерді азайту.

Бұл мақсатты орындау үшін мынадай шараларды қолдану болжамданады:

– инновациялық жеке кәсіпкерлікті қолдау орталықтарын, бизнес-инкубаторларын, технологиялық парктер, индустриалдық өңірлер және басқа да жеке кәсіпкерлікті дамыту объектілерін құру және дамыту;

– инновациялық жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету;

– инновациялық шаруашылық етуші субъектілердің реттеуші және қадағалаушы қызметтермен және жергілікті билік органдарымен өзара әрекеттесу әдістерін жетілдіру;

– тиімді бәсекеге қабілетті орта үшін жағдайлар жасау;

– инновациялық кәсіпкерлік ахуалды жақсартуға жәрдемдесу, өңір экономикасына салымдардың тартымдылығын мақсатты жоғарылату.

Инновациялық кәсіпкерлікті жанама мемлекеттік қолдау инновациялық инфрақұрылымның құрылуын қарастырады, ол өз кезегінде консалтингтік және инжинирингтік фирмаларды, бизнес-инкубаторларды, технопарктерді, ақпараттық орталықтарды, лизингтік операцияларды, венчурлік капиталдарды қосады.

Жалпы Қазақстандағы инновациялық кәсіпкерлік ахуалын жақсарту үшін:

-білікті кадрлар және жұмыс күшін дайындау жүйесін бекіту: кадрларды кәсіби біліктілігі тұрғысынан дайындау және қайта дайындау, кіші бизнес және өзін жұмыспен қамту саласында оқыту;

-инвестициялық үрдістерді басқаруды ұйымдастыруды жақсарту: инвесторлардың тәуекелін барынша азайту, басқару кадрларының кәсіби біліктілігін бекіту, қоғамдық бақылау үшін биліктің ашықтық дәрежесін көбейту, шенеуніктердің қызметін реттеу деңгейін жоғарылату керек;

- технологияларды, теорияларды және құқықтық қорғаудың тәжірибесін және зияткерлік меншікті пайдалануды коммерциализациялаудың қағидаттарын кәсіби меңгерген, инновациялық және жоғарғы технологиялық жобаларды басқара алатын кәсіби инновациялық менеджерлер — мамандардың институтын құру қажет;

- ғылыми зерттеулерге мемлекеттің тікелей араласуы, қайтарымыз негізде субсидия беру, ғылыми-техникалық зерттеулер мен тәжірибелерге инвестиция бөлінген кәсіпкерлікке салық жеңілдіктерін ұсыну керек [2].



Зерттеулер нәтижесі көрсеткендей, қазіргі тандағы дағдарыстан кейінгі даму барысында, елдегі инновациялық әлеуетпен инновациялық ойлауды қалыптастыру мен дамыту үрдісіне мемлекеттің қатысу қажеттігі анықталуда. Сондықтан, елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өз жолдауында дамудың ең тиімді бағыты, әлемдік экономикалық қауымдастықтың барлық талаптарына сай келетін инновациялық механизм арқылы экономиканы үдемелі дамыту екендігін атап көрсетті.

### **Әдебиеттер**

1 Казамбаева А.М. Батыс Қазақстан облысында қалыптасқан кәсіпкерліктің бүгінгі жағдайы және оны дамыту жолдары // Материалы международной научно-практической конференции «Экономические аспекты развития народного хозяйства Западного Казахстана», г.Уральск. РИО ЗКАТУ им Жангир хана, - 2007., с 46-50

2 Кульбаева М.А. Экономикалық дағдарыс және оны шешу жолдары //«Хабаршы» Т.Рысқұлов атындағы ҚазЭУ, №6(70) - Алматы, 2008 ж.

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЙМАҚТАРДЫҢ ДАМУЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПОТЕНЦИАЛЫН БАҒАЛАУ**

*Нұрлан Б., магистрант*

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті,  
Семей қаласы, Қазақстан Республикасы

E-mail: [Baljan\\_93@mail.ru](mailto:Baljan_93@mail.ru)

Әр түрлі аймақтардың әлеуметтік экономикалық даму деңгейін біріктіру негізінде мемлекеттің территориясын кешенді, теңестірілген дамуына жету мақсатында аймақтың дамуының экономикалық потенциалының диагностикасы үлкен мәнге ие.

Аймақтық диагностиканың қажеттігі ең алдымен аймақтың мазмұнды “паспортын” анықтау қажеттігінен көрінді. Рыноктық экономика жағдайындағы сенімді ғылыми негізделген диагностикалық мәлімет аймақтың даму стратегиясын қалыптастыру кезіндегі негізгі аналитикалық құрал бола алады.

Аймақтық дамуды басқару мәселелері тек дамушы ғана емес, дамыған елдерге, мысалы, АҚШ, ГФР, Жапония және т.б. елдерге тән. Осы елдердің аймақты экономикасында пайдаланған әдістемелік бағыттарда, олардың отандық экономика нақтылығыменен ерекшеліктерін ескере отырап өзгеруін зерттейтін өзіміз үшін тиімді. Аймақтық потенциалын дамытудың сандық көрсеткіштердің анықтау әдістемесі жаман экономистері мен ұсынылған.